

"Маркетинг желісі, қоғамдық таратушылар, почта және басқа да тәсілдер бойынша сату арқылы сауда орнынан тыс бөлшек сауда қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Сауда және интеграция министрінің 2022 жылғы 11 наурыздағы № 136-НҚ бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Сауда және интеграция министрінің 2022 жылғы 1 шілдедегі № 279-НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 7 шілдеде № 28740 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Маркетинг желісі, қоғамдық таратушылар, почта және басқа да тәсілдер бойынша сату арқылы сауда орнынан тыс бөлшек сауда қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Сауда және интеграция министрінің 2022 жылғы 11 наурыздағы № 136-НҚ бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 27114 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Маркетинг желісі, қоғамдық таратушылар, почта және басқа да тәсілдер бойынша сату арқылы сауда орнынан тыс бөлшек сауда қағидаларында:

6-тармақтың екінші бөлімі мынадай редакцияда жазылсын:

"Сатушы сатып алушымен келісім бойынша тауарды арнайы ыдысқа (себеттер, қораптар, полиэтилен сөмкелер және басқалар) орап салу, тапсырыстарды сыйлық ретінде әсемдеп орау жөнінде қосымша қызметтер, тауарларды жеткізу жөнінде қызметтер көрсетеді.";

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Маркетинг желісі, қоғамдық таратушылар, почта арқылы сатып алынатын тапсырысты ресімдеу тапсырыстың реттік нөмірі, сатушының атауы немесе тегі (бар болған жағдайда), аты, әкесінің аты, тауардың атауы, бағасы, саны, жалпы құны, қосымша ұсынылатын қызметтердің құны, тапсырысты қабылдаудың және орындаудың күні мен уақыты, сатып алушының тегі (бар болған жағдайда), аты, әкесінің аты, қолы және мекенжайы, сондай-ақ өзге де келісілген шарттар көрсетілетін бланкіде екі данада жасалады.";

17-тармақ алынып тасталсын.

2. Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрлігінің Сауда комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары -
Сауда және интеграция министрі

Б. Сұлтанов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігі